



Жунусбаева Г.У.
№29 «Ат-Қорым» бөбекжай-
бақпасының меңгерушісі
К.К. Сейдалиева

«Жаңа жылда сеніммен»



«Шағала» ересек тобы

Тәрбиешілер: Жунусбаева Г.У
Сабитканқызы М

Муз. жетекшісі: Саулімбаева А

Шымкент 2022ж

«Жаңа жылда сеніммен»

Безендірілген залға музыка әуенімен барс киімін киген ұлдар; «Барс» биімен кіреді. Биден кейін «Барстың киімін киген Мөлдір апай»; -Уа халайық, жаңа жылда барлықтарыңызға жаңа табыс, жақсы жаңалықтарыңызбен қуануды жазсын. -Достарым, айтындаршы біздің биылғы жылымызға ешкімнің өкпе реніші жоқпа?

Гаухар апай; -Әрине, жоқ. Еліміз тыныш, жұртымыз аман, заманымыз бейбіт, аспанымыз ашық, елде тоқшылық заманда кімге кім реңжісін.

-Дегенмен, кіріп келер қоян жылымыздың жаршылығы асығар емес, мүмкін сіздердің суық түрлеріңізден сескеніп, суық даланы кезіп жүрген болар. -Менің сіздерге айтар ақылым болсын, сыртқа барып, қояндарды үркітпей, жаңа жылдық мерекемізге шақыртушы қылып, өздеріңізді жіберсем, әсемде, сұлу шыршаны бірге айналып, жаңа жылға деген ізгі тілектеріңізді айтып, бірге тойласақ.

Мөлдір апай; - Табылған ақыл, ендеше не тұрыс достарым, жүріңдер үркітіп алмайық, қанекей барлығымыз түрімізге жылулық ұялатып, мереке төріне шақырайық. (Ұлдармен бірге сыртқа шығып кетеді.)

Гаухар апай; -Құрметті мерекенің көркі көрермендер, сіздерге жаңа жылда жаңа табыс, жағымды жаңалықтар мен Ғұмырымыздың жалғасы, болашақтың арнасы, жан ұямыздың қызығы, шаңырағымыздың шаттығы, көңіліміздің ажары, өміріміздің базары болған ұрпағымыз аман болсын деп; «Шағала» ересек тобының «Жаңа жылға сеніммен» атты ертеңгілігіне қош келіпсіздер дейміз!

(Гүлмира апаймен бірге қояндар билеп кіреді. Би соңына қарай, барстар кіріп, бірге хоровод жасайды.)

Гүлмира апай; - биылғы жылды жайма шуақты етіп алып журу, біздің кезегімізге бұйырған екен. Сеніңіздер, сенімдеріңізді ақтаймыз.

«Балалардың барлығы жайғасады»

Гаухар апай; -Жарайсыздар, -ендеше мерекенің сәні Аяз ата мен Қарша қызды шақырып, бірге тойлайық.

- Қанекей, барстар; -Аяз ата деп, Қояндар; - Қарша қыз деп, айғайлап шақырмасак, оларда орман аралап, барлық жерді қармен көмкеріп, сыйлықтың несібін іздеп жүрген болар. -Ал қанекей бастайық. (Барстар мен қояндар аяз ата мен қарша қызды шақырады. Музыка әуенімен Аяз ата мен қарша қыз кіреді.)

- -Аяз ата; - Келтірейін сәніңді,

Бұзба енді мәніңді,

Өнерлі ұл-қыз тоқтама,

Шырқап жібер әніңді-деп Шырша шамын жағып, шырша тойын

жалғастырайық. -Ал балалар, сиқырлы сөзді айтып көмектесіп жіберіңдер маған.

Балалар хормен, Қуант бізді таныркат, шамдарыңды жарқырат

«Шырша шамы жағылады»

Гаухар апай; - Киіндік ұл мен қыз

Барс болып, қоян боп,

Танымай тұрсын деп,

Досымыз таң болып.

Әсем әніде, биі де бар,
індегі орындыққа жайғасалды.)

Отыр ата, сәл дем ал. (Аяз ата шырша түбіндегі орындыққа жайғасалды.)
 Мәлдір апай,- Көңілеіз бір бала жоқ, Ойын күлкі таралсын. Құтты болсын; (балалар
 жалғастырады.) Балалар; құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл!
 «Тактактар»;
 Мәлдір апай;

«Такпактар»;

Мұхаммед, Өлеңде әзір, ән әзір.

Ойында эзир, бәрі эзир,

Кел жана жыл биздерге,

Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Заңғар; Келді тағы жана жыл,
Қуантумен біздерді,
Құтты болсын қуаныш,
Құттықтаймын сіздерді.

Сұлтан; Жаңа жыл, жаңа жыл
Тамаша тойымыз,
Алақай, алақай
Өседі бойымыз.

Олжас; Қиынсынып қашпаймыз,
Такпакты біз бастаймыз
Көңілді әуен сазымен,
Мерекені бастаймыз.

Жантөре, Ауыл алды ақшакар,
Ақшакарда балалар,
Соғып жатыр ақкала,
Кіп кішкентай доп кана,
Бірі әкеліп қар үйіп,
Бірі қарға су құйып,
Күліседі күлімдеп.

Инкар: Қар жамылып күллі алап,
Жүрмедікпе біз құр қарап,
Бір топ бала бірлесіп,
Ақ көрпемен он қабат,
Тастағандай дөңді орап,
Ауырмайды еш жерім,
Аунап түссем домалап.

Ақару, Әлде қарлы боранда,
Тау басынан түстіме,
Аяз ата оралды,
Ақ тон киіп үстіне,
Ақ қырауға малына,
Сақалыда мұртыда,
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

«Ән» «Шырша жанындағы акқоян»

Гаухар апай; Жылымыз жайлы болсын деп,
Заман бейбіт болсын деп,

Аппак қоян Асылым,
Ақ қырау, ақ қар үстінде,

Мың бұралған биімен, - өнерін алып келді, қабыл алыңыздар!

«Би; Асылым, көркем гимнастикадан би билейді.»

«Такпақтар»

Елнұр; Жасыл желек жамылған,

Асыл мейшак тағынған,

Міне сұлу шыршамыз,

Көптен күтіп сағынған.

Әмір; Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса,

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Азамат; Аяз ата келеді,

Бізге сәлем береді,

Қалтасында ойыншықтар,

Бізге оны береді,

Үйренеміз өнер біз,

Шетімізден шеберміз,

Такпақ айтып, ән шырқап

Билеп, билеп береміз.

Ерсайын; Қар жатыр аппақ,

Ойнауға жақсы ақ,

Осындай шақта,

Кім үйде жатпақ.

Алинұр; Аяз келді қахарлы,

Айналаны қар жапты,

Ақ тон киіп орман тұр,

Дәл атамдай салмақты.

Ислам; Жана жыл, жана жыл,

Жана жылда жана жыр,

Жасыл шырша жанында,

Жадырап бар бала жүр.

Дидар; Тамаша, тамаша,

Шыршамыз тұр жараса,

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Гаухар апай; Жана жыл- қайсарлық пен жүректілік,

Баратын болашаққа билек түріп,

Әдемі тілектерге қол соғамыз,

Әлемге жақсылықтар тілеп тұрып, -дей отырып, барстар мен аққояндардың
біріне кезек берейік.

«Би-флешмоб.»

Мөлдір апай, Мен тұрмын қуанып,
Шаттыққа бөленіп,
Бір жыл бойы сіздермен,
Дос болайық шаттанып.

«Үнді биі» Іңкәр билейді.

Гаухар апай, Келе жатқан 2023ші жыл барлықтарыңызға табыс пен береке, қуаныш пен
мереке алып келсін, -дей отырып, балаларымыздың бал бұл жанған жүздерін көре отырып,
ізгі тілектерін, шумақ тапқартарына кезек берейік.

Айым; Жапалақтап ақша қар,
Жауды күнде қайталап,
Қырға шықты балалар,
Шаңғыларын арқалап.

Әділет; Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың,
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау қарлы шың.


Нұрасыл; Жаңа жыл сәніміз,
Біздің айтар әніміз,
Келдіңбе аман алыстан,
Сәлем аяз атамыз.

Жомарт; Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып,
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Сафира; Тілеймін мен бар әлемге,

Дос көп болсын жаңа жыл,
Ата әже, ата әже
Құтты болсын жаңа жыл.

Асылым; Ақ киімді денелі ақ сақалды,
Соқыр мылқау танымас тірі жанды,
Үсті басы аққырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы- үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдан-қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сілкісе, қар жауып, мазанды алды.
Борандай бүрк-сарқ етіп дөңдегенде,
Алғы қанат ақ орда үй шайқалды.



Камшат; Жаңа жылым мол болсын,
Басқан кадам оң болсын,
Төрлет, төрлет, жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын.

«ӘН» «Жасыл шырша айнала»

Гаухар апай; Той, мереке, салтанат.
Думандатты шартарап,
Келді, міне жаңа жыл
Тартуларын аркалап.

Жанерке; Шыршамызда керемет,
Ойыншықтар тағылған,
Алыс жақтан келіп тұр,
Аяз ата сағынған.

Асия; Аппак тонға оранып,
Базарлықты мол алып,
Келді алыс сапардан,
Аяз аға оралып.

Фердаус; Сакалы аппак күріштей,
Тістері аппак күріштей,
Үстінде ала шапаны,
Сағындым аяз атаны.

Айзере; Бақша іші мереке,
Ойын күлкі асқак ән,
Жаксы әпкелер жаңа кеп,
Мерекені бастаған.

Аяз ата; -Жарайсындар балақайлар, мінекей көңіл күйлерің қандай тамаша. Айтқан әндерің мен жырларың қандай тамаша! Ал барс жылына ешқандай өкпе ренішіміз жоқ. Ендігі кезекті қоян жылына аманат етіп тапсырдық. Ал қоян сендердің мінездерің жұмсақ, ешкімге зияндарын жоқ. Жылдарына береке мен ынтымақтастық тілеймін. -деп өздеріне арнап әкелген сыйлықтарымды тапсырайын.»Балаларға сыйлықтарын тапсырып, аяз ата қоштасып кетеді.»

Гаухар апай; Жаңа жыл –әрбіріңіздің отбастарыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Жаңа жыл баршамызға берекелі, мерекелі жыл болсын.

